Жарқайың ауданының апталық қоғамдық - саяси газеті

# Жарқайың тынысы

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 МАМЫРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ. № 13 (150) 18 наурыз ЖҰМА, 2016 ЖЫЛ

# Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамы құтты болсын!

## Құрметті жарқайыңдықтар!

Сіздерді көктем мен жаңарудың, еңбек пен жасампаздықтың, достық пен татулықтың мерекесіне айналған Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Халық санасында ежелден жыл басы саналған, елдің жадында Ұлыстың ұлы күні болып қалыптасқан Наурыз қашанда елдік пен бірліктің, жарқын жасампаздықтың мерекесі. Талай «тар жол, тайғақ кешулерден» өткен тағдырлы халқымыз, қай кезеңде де, Наурызды жадынан шығарған емес. Пейілі даласындай дархан жұртымыз қашанда Ұлыстың Ұлы күнін ақ дастархан жайып, ақ тілекпен қарсы алып отырған. Елдің сүттей ұйыған тыныштығын, халықтың ырысты ынтымағын тілеген. Бұлақ көзін ашып, тал егіп, көмекке ділгер адамдарға қол ұшын беріп, сауапты ізгі істермен айналысқан. Ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз жалғасып келе жатқан осындай игі дәстүрлері кең өріс алып, тың мазмұнмен байып отырғанына бүгін баршамыз куәміз.

**Құрметті жерлестер!**

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Мықты денсаулық, әр шаңыраққа тыныштық, бақ-береке, жақсылық тілеймін. Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Әз-Наурыздағы барлық тілектеріңіз қабыл болсын!

**Жарқайың ауданының әкімі Асқарбек Үйсімбаев.**

## «Наурыз-мейрамы»

Наурыз мерекесі әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы аталып өтілуде. "Наурыз" сөзі парсы тілінен аударғанда "Жаңа күн" деген мағынаны береді.

Бұл мереке Ислам дәуіріне дейін тойланып, халық арасында ерекше қолдауға ие болып келеді.

Ежелгі жыл санағы бойынша, 22 наурызда ***күн мен түн теңеседі.*** Наурыз – жылдың бірінші күні, жыл басы, көктемнің алғашқы айы. Наурыз мерекесін қазақ халқы «Армысың, Әз Наурыз», «Әз болмай, мәз болмас» деп қарсы алған.

Наурыз мейрамы – діни мереке емес. Бұл қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп,

## Қазақстан халқы Ассамблеясы- татулық пен бірліктің кепілі

Міне, Қазақстан мемлекеті егемендігін жариялап, тәуелсіздігін алғанына 25 жыл толады. Қысқа мерзім екеніне қарамастан, ол нақты істер мен оқиғалардың үлкен ауқымының, табыстылықпен жүргізілген реформалардың, экономикалық дағдарыстан шығу жолындағы белгілі бір асулардан өтудің көрінісіне айналды. «Қазақ» деген есім әлемдік тарихтың сахнасына төрт құбыласы түгел, елдігі мен еркіндігі өрлеген қасиетті ел ретінде көтерілді. Себебі, осы жылдар ішінде біздің ең қымбат табысымыз-ұлтымыздың рухани байлығы жаңғырып, тұрмысымыз бен санамызға ене бастады.

Мағжан атамыздың:

*Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,*
*Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.*
*Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,*
*Нұрлы жұлдыз-бабам тілі, сен қалдың!*- деп айтқанындай, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып енгізілді. Жазықсыз жазаланып аталмай қалған алаштың арыстары мол мұраларымен бірге ұрпақтарымен қайта қауышты. Әлемдік білім алудың жүйелерімен танысып, меңгере бастадық. Әлемнің қалаған түпкіріне барып білім ордаларына түсу мүмкіндіктеріне ие болып отырмыз. Еліміздің осындай дәрежеге жетуі ұлттық тағылымы мол тарихымыздың болашаққа сыйлаған тартуы тәрізді.

Қазақ халқының көңілі де, ниеті де қазақтың даласы сияқты кең ғой. Кезіндегі әр түрлі саясатқа орай жерінен, елінен ажыраған талай ұлттар мен ұлыстар осы Қазақстанда баспана тапты. Енді қазір Қазақстан олардың Отанына айналды. Дініне, нәсіліне қарамай, Қазақстандағы ұлттардың барлығы да тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Жер бетінің әр жерінде қат-қабат қатерлі оқиғалар болып жатқан

қатысушылар берілген өтінімін кері қайтара алмайды.

Аукционға қатысу үшін кепілдік жарналары мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор деректемелерге енгізіледі: «Ақпараттық – есептік орталығы» АҚ, БСН 050540000445; ЖСК KZ529261501102032004; БСК KZKOKZKX; банк атауы: «Қазкоммерцбанк»АҚ; КНП 171; Кбе 16.

Төлемді тағайындау – аукционға қатысу үшін кепілдік жарна *(кепілдік жарна мөлшері банктік қызмет төлеміне кірмейді).*

Қатысушыларға кепілдік жарнасының кез-келген санын енгізуге рұқсат беріледі, салынған кепілдік жарна осы аталған аукционға қатысу үшін қатысушыларға бір кепілдік жарнасы кезінде жекешелендіру объектісін сатып алу құқығын береді.

Аукционға қатысу үшін көрсетілген тізілімінің веб-порталына алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке идентификациялық нөмірі (ЖИН), тегі, аты және әкесінің аты ( қолма-қол беру кезінде);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес - идентификациялық нөмірі (БИН), толық атауы, бірінші басшының тегі, аты және әкесінің аты ( қолма-қол беру кезінде);

3) кепілдік жарнасын қайтару үшін банкке екінші деңгейдегі есептесу шотының деректемелері;

4) байланыс деректемелері (пошталық мекенжайы, телефон, факс, e-mail)

жетушінің және сатушының міндеттемелеріне қолдары қойылады және аукционның нәтижелері белгіленеді. ҚР, 021100, Ақмола облысы, Жарқайың ауданы, Державин қ., Ленин к-сі, 16-үй мекенжайы бойынша: сатып алу-сату шарты жеңіске жетушімен аукционның өткізілген күнінен бастап он күнтізбелік күннен кем емес мерзімде қол қойылады.

Бұларға қоса аукцион жеңімпазы сатушыға келесі құжаттардың көшірмелерін салыстыру үшін берілген түпнұсқаларымен қоса, немесе оларды нотариус куәландырған көшірмелерін береді:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның жеке куәлігі, паспорты немесе құжаты;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі (қайта тіркеуі) туралы куәлігі немесе анықтамасы; заңды тұлғаның өкілеттілігін куәландыратын құжаты, сондай-ақ заңды тұлғаның өкілеттілігін куәландыратын құжаты немесе паспорты.

Құжаттардың түпнұсқасы салыстырғаннан кейін бір жұмыс уақыты ішінде қайтарылады.

**Аукционның өткізілуі туралы қосымша ақпараттарды www.gosreestr.kz. сайтында таныса аласыздар немесе мына телефондар бойынша аласыздар: +7/71648/9-23-16; +7/7162/25-22-39 («ИУЦ» АҚ).**

# Тұрғын секторда өрт қауіпсіздігі!

Қазақстан республикасында жыл сайын орташа есеппен 9000-нан астам өрт тұрғын секторда өрт қауіпсіздігі шараларының сақталмауынан болады. Өрттің шығуына жол бермеу мақсатында өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтаңыздар;

-электр өткізгіштердің, ажыратқыштардың және ток көздерінің дұрыс жұмыс істеуін қадағалаңыз;

-электр аспаптарын, плиталарды жарамды күйде қолданып, перделер мен жиһаздан алшақ, жанбайтын тіреулерде орналастырыңыз;

-электір аспаптарын бір нүктеге қосуға жол бермеңіз, бұл электр желісінің шамадан тыс қуаттығына әкеп соқтырады;

-қолдан жасалған қыздырғыш электр аспаптарын, қуаттың артып кетуін және қысқа тұйықталуды болдырмау үшін калибрленберген еригіш ендірмелерді және басқа да қолдан жасалған аппараттарды қолданбаңыз;

-қыздырғыштарды киім-кешек кептіру үшін пайдаланбаңыз;

-үйді жылыту үшін газ плиталарын қолданбаңыз

-үйден шығарда барлық газ және электр қондырғыларының өшірілгеніне көз жеткізіңіз

-сіріңке мен жандырғыш құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз

-балаларды қараусыз жалғыз қалдырмаңыз

-төсек орнында темекі шекпеңіз, темекі тұқылдарын балкондар мен лоджиялардан лақтырмаңыз

-дайындалып жатқан тамақтың плитада бақылаусыз қалуына жол бермеңіз.

**Өрт болған жағдайда «101» телефон соғыңыз құтқару қызметі телефоны «112».**

***Жарқайың ауданының ТЖБ-нің бастығы***
**өртке қарсы капитаны Ә. Тұрсынханов.**

# Аяулы асыл ана

Жылы сөзбен шуақ төккен,
Күлім көзбен нұрын сепкен.
Жылуын жүрегінің аямаған,
Өзінсің менің аяулы анам.

Мейірімді сөзіңді естіп,
Көңілім тасығанда -
Қалады-ау көңілім өсіп,
Аяулы асыл анам!

Өзіңді сағынармын,
Мейіріміне тарығармын,
Өмірлік болшы пана
Аяулы асыл ана!

Сағынып жасығанда,
Көруге асыққанда,
Қасымда мәңгі болшы
Аяулы асыл анам!

**Отрадный орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нұғманова Құралай Мұратқызы.**

# *Жарқайыңдықтардың назарына!*

Жарқайың ауданының мемлекеттік мұрағаты «Мұрағаттық анықтамалар беру» мемлекеттік қызметі мемлекеттік мұрағаттарымен баламалы негізінде жеке және заңды тұлғаларға халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы және Қазақстан Республикасының «электронды үкімет» (e.gov) срежесі бойынша көрсетілетінін хабарлаймыз.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен оған қажетті құжаттар туралы толық ақпарат электронды Үкімет порталында: www.egov.kz. Ақмола облысы мұрағаттар мен құжаттамалар басқармасының интернет-ресурсында: otdel-arhivov@mail.ru, ресми ақпарат көздерінде, мемлекеттік қызмет көрсету орындарындағы ақпараттық тақталар мен стендлерде орналастырылады.